

Әлсіздіктің, қорғансыздың белгісі көш жолындай тарамданып, тамшыдай домалап түскен жастан көрінді [5, 287].

Қаламгердің шығармаларында табиғаттың да көркем көріністері грациялық теңеумен нанымды, әсерлі етіп берілген. Мысалы: Біраздан кейін бриллианттай көзді ойнатып, анадай мейірімін төгіп, сары алтындай сәулесімен әлемді жарық нұрға бөлеп бауырмал күн басын көтерді. Бұл мысалда сипатталушы образ – күн, ал теңеу образы - бриллианттай көзді ойнатып, анадай мейірімін төгіп, сары алтындай сәулесімен сөздері болып табылады. Жазушы бауырмал күнді суреттеу үшін бірнеше теңеуді қатар қолдана отырып, атқан таңның үміт пен жақсылықтың нышаны екенін танытады.

Сонымен қорытындылай келе, теңеулер шығарманың әсерлілігін молайтады, экспрессивтілігін жоғарлатады. Образдың бейнелілік қасиетін күшейтіп, суреткердің тілі мен стиліне бояу қосады. Суретті барынша түрлендіруге қызмет етеді. көркемдік құралдың бұл түрі жазушы кейіпкерлерінің жан-дүниесін, сыртқы тұлғасын, кескін-келбетін бейнелеуде, тұрмыс суреттерін сипаттауды теңеулерді ұтымды стильдік тәсіл ретінде мол қолданған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 2 Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 192 б.
- 3 Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы: Мектеп, 1995. – 264 б.
- 4 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.
- 5 Кемеңгерұлы Қ. Зерттеулері, көркем шығармалары, мақалалары / Құраст. Қамзабекұлы Д. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 213 б.
- 6 Кәрімов Х. Қанатты тіл. – Алматы: Санат, 1995. – 144 б.
- 7 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005. -576 б.

## МӘДЕНИЕТ – ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛ АЙНАСЫ

*Амангелдиева Г.С., оқытушы,  
Батталова М.Ә., студент  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Биыл еліміз үшін айтулы жыл «Қазақ хандығының 550 жылдығын» тойланғалы отыр. Бұдан бес жарым ғасыр бұрын даңқты Керей мен Жәнібек бабаларымыз іргетасын құрып берген Қазақ хандығы талай тар жол, тайғақ кешулерді бастан кешті. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, әз Тәукенің Жеті Жарғысы халқымыздың Темірқазығы болды.

Алты Алаштың айбынды әміршісі Абылай хан бастаған, батырлар қостаған қазақ сарбаздарының қолы талай мәрте туған жер төсінде ат ойнатып, ата жауларымен кескілескен шайқастар өткізді.

Абылай хан бастаған айбынды батырлар қазақ хандығының туын құлатқан жоқ! Бұл еліміздің тәуелсіздігін қорғап қалу жолындағы жан алысып, жан беріскен қиян-кескі майдан болатын.

Абылай ханның жаужүрек немересі, қазақтың соңғы ханы Кенесары қостаған қазақ сарбаздары да Ресей империясының бодандығынан бас тартып, туған жер төсін тұлпарларының тұяқтарымен дүбірге бөледі. Арыстандай айбат, жолбарыстай қайрат көрсетті [1].

Міне, сонау заманан қасірет пен қайғы толқын да толқын қазағымның топырақ жүзін жасырып, талай қиындық тау мен тасқа соқтырды, Ноғайлы болып аңыратып, Отырар болып қаңыратып, Ақтабан болып шұбыртып, далада талай саңлағың қалдырды, Отар қылып құрығың салып, жан түршіктірер аштықтан өткізіп, соғысты да бастан кешірді. Бірақ бүгінге туралап жеткен батыр бабамыз тәуелсіздік жолында қиындыққа қайыспай қарсы тұрды. Олай болса, осынау заманнан бергі қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы бетбұрысына, тарихи өміріне сәл тоқталып өтуді жөн көрдім.

XX ғасыр. Бір ұрты май, бір ұрты қан жиырмасыншы ғасыр қазақ халқын рухани түлеткені, өсіргені даусыз, бірақ , өкінішке орай өшіргені де аз емес. Ұлт болып ұю, мемлекеттікке, білім, ғылым өнерге қол жеткізу жетістік болса, алапат аштық, қанқасап қызыл қырғын, шет жұртқа ауған қандастар тағдыры бітпес жара, қаралы қасірет. Алаш арыстарынан тұтастай айырылу бір қайғы

болса, ұлтшылдық күресті, ұлтсыздыққа соқтыруы айықпас дертке әкелді. Ал жүзжылдықтың соңында қазақ халқының тәуелсіздігі үшін арпалысқан соңғы ұрпақ – 1986-жылдың қаралы да жаралы желтоқсан айында жалаудай желбіреген қазақтың өрімдей қыздары мен жігіттері еді.

Мұздай қаруланған солдаттар қазақтың қаракөз қыздарын іштен теуіп, шашынан сүйреді. Көкөрім жігіттерді таяққа жығып, қасқыр иттерге талатты.

Алматының алаңындағы ақ қар қызыл қанға боялды. Албырт жастар сонда да алған беттерінен қайтпай табанды тәуелсіздігімізді қанмен қайтарып берді.

XXI ғасыр. Жаңа мыңжылдыққа осыншалық қиындық көрген халқымыз осыдан дәл 24 жыл бұрын тәуелсіздіктің көк туын көтеріп кірген болатын. Содан бері талай алпауыт табыстарға жеттік. Елбасының сарабал саясатының арқасында абыройы артқан, төрткүл дүниеге мүмкіндігін мойындатқан мемлекетіміз Еуразияның ортасынан бой көтерді. Еліміз де, жеріміз де қаратадан ойып тұрып өз орнын алды. Төл мерекеміз – Наурызбен бірге салтымыз да қайтып оралды. Тарихи жәдігерліктің бірі де бірегейі - мешіттеріміз қайта салынып, өркениетіміз қайта жаңғырды. Алайда Қазақстан сияқты ел елдігін, қазақ ұлты ұлттығын сақтап қала ала ма? Ал ұлтты өз алдына ұл ететін - мәдениетіміз, әдебиетіміз, ұлттық өнеріміз бен тіліміз. Алайда, санды сапаға айналдыратын ғаламат технология заманы ұлттық бет-бейнемізді, төл қадір-қасиетімізді, мәдениетімізді жауып кетпес үшін не істемек керек?!

Міне, осындай тоқсан қабат дағдырлы, күрмеуі қиын сұрақтарға жауап іздеу үшін осындай тақырыпты алып отырмын.

«Ұлттық мәдениеті (салт-дәстүрі) жоғары дамыған ел кез келген өркениетті деген елден оқ бойы озық тұрады» деп түрік ағайындарымыз айтқандай, атамыздан жеткен асыл қазынамыз мәдениетімізді замана ағымында жұтылып кетуден сақтап, қарыштап дамытуымыз керек [2].

Бір елді басқа елден ерекшелейтін не? Меніңше, бұл ең бірінші мәдениеті. Сан ғасырлар бойы қалыптасқан, халық санасына сіңген мәдениетімізге – ұлттық өнерімізден бастап әдебиет, тарих, салтмыз да кіреді. Мәдениетімізден айырылсақ, өзге ұлттың істегенін істеп, еліктеушіліктің шырмауында қалсақ қайтіп ұлт болып сақталамыз? Қайтіп атадан қалған асыл арманға қол жеткіземіз? Бабалардың үмітін қалай ақтаймыз? Келешек ұрпақ алдындағы қасиетті парызымыз қайда қалмақ?

Осы кезекте мәдениет сөзінің мағынасына тоқталсам деймін.

Мәдениет – кеңінен қолданылып, күнделікті тұрмыста жиі айтылып жүрген сөз. Ал оған анықтама беретін болсақ, «мәдениет – деген сөз өзінің толық мағынасында адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары және жасап жатқандарының бәрін түгел қамтиды. Жай ғана сауат ашудан және тазалық ережелерін сақтаудан бастап, өмірдің асқан үлгілі шығармаларын жасағанға дейінгі ұғымды қамтып жатқан – мәдениет – адам жасаған «екінші табиғат» [3]. Ұлттық мәдениетіміз – ұлттық дініміз бен тіліміз, тамыры терең тарихымыз, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз, әдебиетіміз деген сөз. Бір сөзбен айтқанда, мәдениет – ұзақ жылдар бойы қалыптасып, ата-бабамыздан сүрдей сақталып, алтындай бапталып, бөтенге қол сұқтырмай, ешбір қасиетін, ешбір құндылығын жоғалтпай жеткізген қазынамыз, бағалы бақытымыз. Осы қазынаны сақтап, келер ұрпаққа таза кейпінде бұзбай, ластамай табыстау – біздің міндетіміз, парасатты парызымыз!

Ал осы міндеттерімізді, ұлттық құндылықтарымызды бағалап жүрміз бе?

Ұлттық құндылықтар тақырыбын көтергенде тіл мәселесінің ойға оралатыны рас. Кез- келген рухани саланың өзегі – тіл. Тіл – халықтың ары мен рухы. Тіл дегеніміз белгілі бір халықтың жинаған рухани қазынасының жиынтығы, соның бәрін сақтайтын қоймасы іспеттес. Ұлттық құндылықтың ерекшелігі – сонда тіл мен мәдениетті ұштастыруы. Тіл мен мәдениет тамыры егіз қос ағаш іспеттес. Жас ұрпақты қазіргі заманға сай мәдени құндылықтарға тәрбиелеу көптеген бағыттарда жүзеге асуы керек. Менің ойымша, соның негізі – ана тіліне деген ыстық ықылас. Ұлт пен оның тілі ажырамас қағида. Қазақ халқының өз алдына дербес мемлекет болуын, өз тағдырына өзі қожалық етуін аңсап өткен Алаштың арысы Ахмет Байтұрсынып тіл жөнінде: «Қазақ тілінде қазақтың сары сайын даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын-саспайтын мінезі көрініп тұр», - деп тілге деген аса бір сүйіспеншілігін білдірген [2]. Ал, қазір сол тіліміздің жағдайы қалай? Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған ана тіліміздің бүгінгісі де, ертенгісі де ойландырарлықтай.

Қазақ халқының көзқарасы, терең мәдениеті - талғамы жоғары ұлттардың қатарына жатады.

Тек осы дәстүрімізді, бүгінгі уақыттың ерекшелігіне сай тереңдетуге тиіспіз. Тек өзіміздің сан ғасырлық ата-баба дәстүрімен, ұлттық ән-күй өнерінің құдіретімен, қоғамдық сананы тәрбиелей аламыз. Мәдениет - адамзат баласына қоғамда қалыптасқан тәрбие, әдет-ғұрып, рухани байлықтарын меңгеруге мүмкіндік береді. Дәл осы мәдени мұрамыздың бірі – музыка мәдениеті. Қазақ халқының ұлт болып қалыптасу кезеңінде өзіне тән музыкалық дәстүрі дүниеге келді, соның нәтижесінде бай музыкалық мәдениет қалыптасты. Бесік жыры, үйлену тойлары, және басқа салт-жоралғылар әнмен айтылды. Ақындар айтысы - халықтың көп жиналып, ұйып тыңдайтын өнер сайысына айналды.»Айтыс – халық өмірінің бейнесін көрсететін көркем әдебиет саласының бірі»- деп, Сарыарқаның сайын даласында туып өскен жерлесіміз, ауылымның тумасы, айтыс өнерінде өзіндік орны бар Аманжол Әлтаев айтқандай, айтыс өнері халықтың қуаныш – қайғысын, әдет - ғұрпын жырлайтын өнердің бір саласы [4]. Сонымен қатар:

«Екі шектің бірін тарт та,

Бірін сәл – сәл кем бұра.

Нағыз қазақ – қазақ емес,

Нағыз қазақ - домбыра « дегендей, қазақтың қара домбырасымен күмбірлете күй тартып, сынғырлата ән салу да – ұлттық мәдениетіміздің бір түрі. Арқаның Ақан серісі, Біржан салдары әуелете салған әндер - Тәттімбеттің шертпе, Құрманғазының төкпе күйлерімен далама жыр болып төгілген, тарихымен тоғысып, дала үнін естірткен, қазақ халқының айырылмас асыл мұрасы, сақталған сары алтыны – домбырадан күй төгілгенде сан ғасырлық халық тағдырын ғана емес, қазағымыздың өзін көргендей боламыз. Бірақ, өкініштісі сол, бұрын соғыстың, қанды қырғынның арасында яғни, қасқыр заманда өмір сүрген ата-бабаларымыз қанша қиындық көрсе де елінің еңсесін түсіріп, жерін жауға беріп, туын құлатпай, салт-дәстүрүн, әдебиеті мен мәдениетін, ұлттық құндылықтарын жоғалтпай келер ұрпаққа табыстаса, ал қазіргі жеңілдікке толы түлкі замандағы жастарымыз ұлттық құндылықтарынан айырылып бара жатқандай ма, қалай?

“Құлақтан кіріп, бойды алар,

Жақсы ән мен тәтті күй,

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй”, – деп Абай атамыз жырлағандай, ұшса құстың қанаты талатын, шапса тұлпардың тұяғы тозатын ұлан байтақ қазақ жерінде ғасырдан –ғасырға жалғасқан дала үнін, тарихын әуезді әндерімізден көреміз. Міне, осындай талайды тамсантқан халық әндерінің бүгінде орындалуы сиреп бара жатыр. Қазірде дәстүрлі әндеріміздің орнына жастарымыз эстрадалық әнге көп қызығады, күмбірлеген домбырамызды айтпағанда, қылқобыз, саз-сырнай, адырна, дауылпаз, жетіген, шертер, желбуаз, сақпан аспаптарында орындай білетіндер кемде-кем.

Ұлттық рух пен салт-дәстүрді жас ұрпақ санасына сіңіру, ұрпағымызды парасатты, азаматтық намысы жоғары, елін, жерін сүйер азамат етіп өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамның назарын келешек ұрпақ тәрбиесіне бағыттауымыз керек деп білем. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың айтуы бойынша: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игергеніміз жөн» [4]. Олай болса, басты мақсат жас ұрпақты игіліктер мен азаматтық құндылықтар, рухани мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу керек. Біз түркілік төл дәстүрімізді сақтай отырып, ұлттық ойлау, ұлттық болмыс ерекшеліктерімізді нығайта түсіп, қазақ мәдениетін дамытуға тиіспіз.

Міне, осы тұста мәдениетімізді кіршіксіз таза қалпында бұзбай сақтауға- ұлттық құндылықтарымыз негіз болары сөзсіз. «Ел болам десең, бесігінді түзе» дейді халық даналығы. Баланы жастайынан тәрбиелеу – бұл тәрбиенің негізі. Жасынан алған тәрбие өмірлік азық болмақ. Осы негізде мен мектеп қабырғасындағы бастауыш сынып оқушыларына ұлттық негізде тәрбие беру мақсатында «Мәдениеттану» пәнін енгізуді ұсынамын. Ұлттық құндылықтарымызға сүйене отырып, жас өскіннің ішкі жан дүниесін, ой санасын, сезімін қалыптастыруда «Мәдениеттану» пәнінің маңызы зор болмақ деп сенем. Пәннің негізгі мақсаты – жас шыбықтай жайқалып өсіп келе жатқан бүлдіршіндерімізге халқының тарихын, мәдениеті мен әдебиетін санасына сіңіріп, әдет-ғұрыптарымен таныстырып, болашақта ауыртпалықпен келген жеңістің көк туын көтеріп тұра алатын, халқының жоғын жоқтап, барын сақтап, ата-бабасынан жеткен асыл қазыналарын бөтенге қол сұқтырмай, ешбір құндылығын жоғалтпай сақтайтын, елінің бақытын үйде де, түзде де күзететін, ұлт мақтаныштарын тәрбиелеу.

«Мәдениеттану» пәні сынып ерекшелігіне, ойлау дәрежесіне байланысты ойластырылып пән ретінде оқытылса, нұр үстіне нұр болар еді.

Баршамызға мәлім, қазірде ұлттық арналарымыздан кетпейтін Корея, Үнді, Түрік елдерінің тарихи, мәдени телесериалдары көптеп көрсетіліп жүр. Соған байланысты, жас жеткіншектер де өзге ұлттың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне көптеп еліктейді. Ашығын айтқанда, біздер де неге өз тарихимызды, мәдениетімізді, асыл дініміз – Исламды дәріптейтін телесериалдарды көптеп түсірмейміз? Егер осындай ұлттық құндылықтарымызды жас жеткіншекке дәріптейтін ұлттық кинотуындылар көптеп түсірілсе, біріншіден, патриоттық сезімін ұялатса, екіншіден, өз тарихын, әдет-ғұрпын санасына сіңіріп өсер еді.

Сөзімді аяқтай келе, «Отарда болған елдің өз жүрегі өзіне шабуыл жасайды. Оның емі – рухани азаттық және рухани жаңғыру. Азаттық дегеніміз – өз еңбегің өзіне бұйырып, өз жүрегіндегіні жасқанбай айта алуың»- деп, ғалым, тарихшы, филология ғылымдарының докторы, Ақтүбек аулының тумасы Ақселеу Сейдімбек атамыз айтқандай, азаттық таңы атқанда, өзгені қайталамай, керісінше өз елімізді өзгеге танытайық [5].

Біз қазақпыз! Тіліміз – қазақ, тегіміз – түрік! Дініміз – Ислам!

Дәл осы қадірлі құндылықтарымыз жоғалмай, көк туымыз көк аспанда мәңгі желбіресің!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан мемлекеттілігінің тарихы. Ежелгі және ортағасырлық кезең. Алматы, 1992 жыл
2. Қазақ әдебиеті С.Жақсылықов. - «Елдік тағылым мен танымы» – 2005, №5
3. «Мәдениет және өркениет» – Т.Ғабитов
4. «Айтыстану» - А.Әлтаев. – Астана, 2013 жыл
5. «Қазақ әлемі» - Ақселеу Сейдімбек, 1997жыл

## **PR-ДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ: БАСПАСӨЗ ПАРАҒЫ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ**

*Амангелдиева Г.С., оқытушы,  
Бастами А., студент  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Баспасөз парағы PR мәтінінің негізгі дәстүрлі жанрлық түрі. Ол базалық PR субъектісі туралы дәл және уақытылы ақпарат берудің, қарапайым және тиімді құралы, сондай-ақ журналистермен байланыс орнату құралы болып табылады. Француздық зерттеуші Ж.М.Декоденнің айтуынша: баспасөз хабарламасының мақсаты қосымша ақпарат іздеу үшін журналистер мен «пікір көшбасшысының» назарын аудару болып табылады. Оның көптеген ізбасарларының бірі С.Блэк баспасөз релизін байланыс құралы ретінде санайды. Мысалы: баспасөз конференциялары, көрмелер және т.б.

Д.Доти біртұтас бөлімді ньюс-релиз құру шеберлігіне, публицити ұйымын қалыптастырудың негізгі құралы ретінде қарастырады [1]. PR қызметін қарайтын барлық зерттеулерде немесе баспасөз агенттіктерінде міндетті түрде PR тексттің осы түрінің ерекшеліктеріне тоқталып өтеді. Қазіргі заманғы PR тәжірибеде және нақты баспасөзде, бұл жанр шын мәнінде жалғыз және әмбебап болып табылады.

Қоғаммен байланыс тәжірибесінде ұйымнан шыққан кез-келген БАҚ өкілдері үшін әзірленген ақпаратты баспасөз релизі деп атаймыз. Американдық зерттеушілер үшін баспасөз релизі-бұл бәрінен бұрын «басылымдар үшін шығарған ресми хат немесе телеарналар арқылы тарататын мемлекеттік мекемелерге, жұртшылықпен байланыс бөліміне, әртүрлі ұйымдардың штаб-пәтерлеріне» таратушы байланыс құралы. Отандық зерттеулерде біз бұл терминге әртүрлі түсіндірмелер табамыз. Баспасөз релизі PR маманы мақсатты аудиториялар үшін дайындаған маңызды және пайдалы ақпарат ретінде қолданылады немесе баспасөзге арналған кішігірім нақты хабарламасы бар құжат.

Блажнов анықтамасында мәтіндерді тегін тарату жайлы аталып кетеді: «Баспасөз релизі – бұл фирмалардың, корпорациялардың, ұйымдардың өздерінің меншікті бөлімдері, жұртшылықпен байланыс офис қызметі және мамандырылған PR агенттіктері арқылы таралатын тегін ақпарат» [2].